

С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

ASFENDIYAROV KAZAKH NATIONAL
MEDICAL UNIVERSITY

Бекітемін
Ғылыми қызметтер жөніндегі
проректор
Б.С.Жусупов



2018 ж.

2018 – 2019 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
6D110400– «ФАРМАЦИЯ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУГЕ АРНАЛҒАН ЕМТИХАН
БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы 2018 ж.



Жұмыс бағдарламасы Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасының мәжілісінде «02» 06 2018 ж., хаттама № 18 қаралды.

Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасының меңгерушісі [Signature] К.С. Жакипбеков

Жұмыс бағдарламасы «Фармация» БББК мәжілісінде «05» 06 2018 ж., хаттама № 19 талқыланды.

БББК төрайымы

[Signature] М.Е.Амантаева

Жұмыс бағдарламасы Академиялық кеңестің мәжілісінде бекітілді. «14» 06 2018 ж., хаттама № 6

Академиялық кеңестің төрағасы, профессор

[Signature] К.Ж.Байльдинова



Кіріспе

Жоғарғы оқу орнының негізгі міндеттері мамандар дайындау сапасын жоғарылату, олардың шығармашылық қабілеттіліктерін арттыру, ынталарын және үнемі жаңару қажеттіліктері мен білімдерін кеңейту.

Қазақстан Республикасы заңнамасының қазіргі таңдағы жағдайында ғылыми және медициналық ақпаратты арттыру, дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника айналымы саласындағы білімнің жылдам жаңаруында жеке шығармашылық жұмысқа қабілетті жоғары кәсіби және теориялық дайындықтағы, жоғары білікті дәрігерлерді, фармацевттерді және осы саладағы басқада мамандарды дайындау үлкен маңызға ие.

Фармациядағы менеджмент және маркетинг кәсіби білімді, фармацевтикалық нарықта қызмет ететін маманның шеберлігі мен дағдысын қалыптастыратын маңызды фармацевтикалық пәндердің бірі.

«Фармациядағы менеджмент және маркетинг» пәні фармацевтикалық нарықтың объектілері мен субъектілерін басқарудың әдістемесін, мерчандайзингтің міндеттері мен қызметтерін, экономикалық нарықты басқару құралдарын, сондай-ақ, мерчандайзингтің келесідей құралдарын зерттеуге бағытталған: сыртқы көрінісі, ішкі көрінісі, сауда кеңістігін жоспарлау; ұйымдастырушылық жобалау; сауда орындарын жабдықтау және құрылғылармен қамтамасыз ету; саудадың жеке принциптерін жүзеге асыру; мамандарды сату дағдысына үйрету.

Фармациядағы ғылыми зерттеулердің негізгі әдістемесі бір-бірімен байланысты бірнеше блоктарды біріктіреді. Бірінші — жоспар алдындағы зерттеу, ҒЗЖ жоспарын құру және бекіту. Екінші кезең зерттеу процесі (зерттелетін мәселені сипаттайтын материалды жинау, бар мәліметтерді жинақтау, оларды жүйелеу, мәселе туралы нақты ұсыныстарды өңдеу). Зерттеудің үшінші бөлігі— ғылыми зерттеу ізденісінің нәтижелерін өңдеу (интерпретация, есеп, публикация). ҒЗЖ бастапқы және маңызды бөлімі тақырыпты таңдау, гипотезаны ұсыну, жоспарланатын ҒЗЖ патенттік-ақпараттық өңделуін, ҒЗЖ жұмыс жоспарын құру, әдістерді меңгеруді қамтитын жоспар алдындағы зерттеу.

Болашақ мамандарғы бастаушы зерттеуші ретінде, ғылыми зерттеулердің негіздерімен танысу, курстық жұмысты, дипломдық жобаны, студенттік ғылыми жұмыстарға қатысуды, университетте оқу уақыты аралығындағы зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми мақалаларды дайындауды сәтті өткізу мақсатында ғылыми зерттеудің негіздерімен танысу, ғылыми жұмысты жүргізудің дәстүрлі әдістері мен жолдарын меңгеру қажет.

Түсуге арналған емтиханның мақсаты:

Фармацевтикалық бизнесті ұйымдастыру және фармацевтикалық нарықты басқару бойынша, оқуға түсушілердің білім, білік және тәжірибелік дағдыларын

Редакция 1	Докторантураға түсуге арналған қабылдау емтихандарының бағдарламалары	15 беттің 3 беті
------------	--	------------------



қалыптастырудағы білімі деңгейін, дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника саласындағы сауда операцияларын жүргізуді анықтау.

Түсуге арналған емтиханның міндеттері:

- практикалық фармацияда, басқару шешімдерін қабылдауда менеджмент, маркетинг және мерчандайзинг қызметтерін қолдану процесіндегі жүзеге асырылу дағдыларын білу (жоспарлау, ұйымдастыру, мотивацияжәнебақылау);
- дәріхана ұйымдары, іргелес ұйымдармен экономикалық байланысқа түскен кездегі коммуникативті құзыреттілікті білу;
- фармацевтикалық қызметті реттейтін ҚР нормативті және басқарушылық құжаттарына сәйкес келетін талаптарыды орындау процесіндегі құқықтық құзыреттілікті білу;
- дәрілік заттарды (ДЗ), медициналық мақсаттағы бұйымдарды (ММБ) және медициналық техниканы (МТ) тиімді сатудың дағдыларын білу;
- зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістер жүйесін, ғылыми ақпаратты іздеу әдістемесін, ақпаратты алудың жолдары мен әдістерін, сақтау мен өңделуін білу;
- ғылыми тақырыпты және қажетті ғылыми жарияланымдарды, зерттеу тақырыбы бойынша ақпараттық материалды, ғылыми зерттеулер мен жұмыстардың бастапқы этаптарын жүзеге асыруды білу;
- тәжірибені жоспарлау және қою саласындағы, жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуын білу;
- негізгі нормативтік құжаттар арқылы, ғылыми зерттеулерді жүргізу және олардың нәтижелерін өңдеуге қатысты құқықтық дағдыларды білу, ғылым саласындағы ҚР заңын меңгеру;
- ғылыми зерттеулерді, ғылымда қолданылатын жаңа базалық терминдер мен түсініктерді меңгеру арқылы коммуникативтік дағдыларды, пән материалдары бойынша сұрақтар мен жауаптарды дұрыс құрастыру дағдыларын білу;

Өткізілу түрі: Қабылдау емтиханының екінші кезеңі (ағылшын тіліне сәйкес тестілеудің 1 кезеңі) екі бөлімнен тұрады:

1. Арнайы пәндер бойынша тестілеу

2. Сұхбат

Сұхбат аннотация түрінде жүргізіледі (1 және 2-қосымша).

6Д110400– «Фармация» мамандығы бойынша бастапқы емтихандардың мазмұны

Фармациядағы менеджмент және маркетинг

Фармациядағы менеджмент және маркетингтің теориясы мен практикасының дамуы. Менеджмент дәріхана ұйымдарын басқару құралы ретінде. Жетекші және дәріхана ұйымы. Кадрларды басқару, кадрлық менеджмент. Фармациядағы маркетингті ұйымдастырудың жолдары.



Фармацевтикалық маркетингі басқару процесі. Маркетингтік орта. Маркетингтің жалпы сипаттамасы. Фармациядағы маркетингі ұйымдастыру жолдары. Маркетингтік зерттеулер және маркетингтік ақпарат жүйесі. Маркетингі стратегиялық жоспарлау. Болжау әдістері. Фармацевтикалық нарықты зерттеу. Маркетинг жүйесіндегі тауар. Фармацевтикалық және дәріхана ұйымдарындағы ассортименттік және тауарлық саясат. Фармацевтикалық және дәріхана ұйымындағы баға саясаты, баға түзу. Фармацевтикалық ұйымдардың өтімділік іс-әрекеті. Фармацевт пен сатып алушы қарым-қатынасының психологиялық аспектілері. Дәріханадағы мерчандайзинг: жоспарлау, мерчандайзер қызметін ұйымдастыру және бақылау. Сатып алушы позициясындағы адам психологиясы және мерчандайзинг принципі. Мерчандайзинг практикасы. Дәріхана желілерінің жұмысы.

Педагогика

Педагогиканың зерттеу нысаны мен пәні. Педагогиканың міндеттері. Педагогика ғылымының жүйесі. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы. Педагогиканың негізгі категориялары. Заманауи Қазақстандағы білім беру жағдайы мен проблемалары. Білім беру сапасының көрсеткіштері. Білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға сәйкес реформалау. Білім берудің халықаралық өлшемдері. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстандағы қашықтықтан білім беру технологияларын енгізу тәжірибесі. Тұлғаны дамыту туралы жалпы теориялар. Тұлғаны дамытудың жас ерекшелік теориялары. Тұлғаны дамыту және оның факторлары. Қоғамдық тәрбие беру мәселелері, әлеуметтік ортаның тұлғаны қалыптастыруға әсері туралы заңдылықтар. Қоғамдық тәрбиені іс жүзінде ұйымдастыру. Әлеуметтік педагогика. Отбасылық тәрбие мәселелері, отбасылық дағдарыс. Отбасындағы ересектер мен балалар арасындағы қарым-қатынастың типтік үлгілері.

Фармациядағы ғылыми зерттеулер негіздерінің әдіснамасы

Ғылыми зерттеу, фундаментальды және қолданабалы зерттеулер. Әдіснама, әдістеме, әдіс. Ғылыми танымның жалпы әдіснамасы және оның талаптары. Ғылыми зерттеудің кезеңдері. Тақырыпты таңдау, зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттер талдауы, әдеби көздерді библиографиялық іздеу, библиографиялық ақпарат түсінігі. Библиографиялық және ғылыми ақпарат. Ғылыми ақпарат түрлері, ғалымның ақпараттық-ізденушілік қызметінің объектісі ретінде, библиографиялық және ғылыми ақпараттың көздері. Зерттелінетін оқудың нәтижелерін бекіту жолы ретіндегі, аналитикалық шолу. Зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістері. Зерттеу әдістерінің оның мақсаты мен міндеттеріне

Редакция 1	Докторантураға түсуге арналған қабылдау емтихандарының бағдарламалары	15 беттің 5 беті
------------	--	------------------



тәуелділігі. Бітірушілік біліктілікті жұмыс (ББЖ) оқу-зерттеу қызметінің жоғарғы формасы және аттестацияның негізі ретінде. Диссертациялық жұмыстың мақсаты, құрылымы. Диссертациялық жұмысты орындауға және өңдеуге қойылатын талаптар, қорытынды. Жұмыстың презентациясын дайындау. Ұсыну және қорғау тәртібі.

6Д110400– «Фармация» мамандығы бойынша докторантураға түсуге арналған сұрақтар тізімі

Фармациядағы менеджмент және маркетинг

1. Менеджмент дәріхана ұйымын басқару құралы ретінде, дәріхана ұйымының басшысы жұмысына ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлар.
2. Кадрлық менеджмент, фармацевтикалық ұйымның негізгі принциптері мен бағыттары. Фармацевтикалық ұйымдағы құрылымды еңбек бөлімдері.
3. Фармацевтикалық маркетинг анықтамасы, түрлері, субъекттері және фармацевтикалық маркетинг міндеттері.
4. Бәсекелестер жайындағы ақпараттарды жинау мен SWOT- сараптама.
5. Медицина мен фармациядағы маркетингтік орта.
6. Дәрілік заттар айналымы саласындағы тауардың өмірлік циклы.
7. ҚР фармациядағы дәрілік заттар айналымындағы маркетинг және зерттеу объектітері.
8. Қазақстанда фармациядағы баға қалыптастыру принциптері.
9. Дәрілік заттар айналымындағы маркетингтік зерттеулердің әдістемелік негіздері. Фармациядағы маркетингтік зерттеулердің ережелері мен тәртібі.
10. Маркетингтік коммуникацияны басқару жүйесі. Маркетингтік ақпарат жүйесі.
11. Дәрілік заттар нарығын зерттеу. Фармациядағы тауар қозғалысының стратегиясы.
12. Дәрілік заттар айналымындағы нарықтың сандық сипаттамаларын қарастыру.
13. Дәрілік заттар айналымындағы нарықтық сегментация және негізгі нарық.
14. Қазақстан Республикасының 2009 жылдың 18 қыркүйегіндегі № 193-IV (06.04.2015ж. толықтырулар мен өзгертулері бар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі негізінде денсаулық сақтау саласын мемлекеттік реттеу және басқару принциптері.
15. Қазақстан Республикасындағы дәрілік айналым және фармацевтикалық қызметті нормативті-құқықтық реттеу.
16. Қазақстан Республикасындағы медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің ар кодексі.
17. Коммуникациялардың желі (тізбек) түрлерін схема түрінде көрсетіңіз.



18. Басқарудың сызықты ұйымдастыру құрылымының артықшылықтары мен кемшіліктерін атаныз.
19. Басқарудың функционалдық ұйымдастыру құрылымының артықшылықтары мен кемшіліктерін атаныз.
20. Басқарудың сызықты-функционалдық ұйымдастыру құрылымының артықшылықтары мен кемшіліктерін атаныз.
21. Басқарудың әкімшілік-ұйымдастыру тәсілін, әлеуметтік-психологиялық тәсілмен салыстырыңыз.
22. Менеджменттің негізгі функцияларын схема түрінде көрсетіңіз. Жоспарлау функциясының сипаттамасы
23. Маслоу бойынша қажеттіліктің сатылығын (иерархиясын) схема түрінде көрсетіңіз.
24. Тізімде келтірілген түсініктерден (ұғымдардан) маркетингтің негізгі элементері болып саналатын ұғымдарды таңданыңыз: тұтынушылар; бәсекелестер; тауар; жарнама; өткізу; сұраныс; ұсыныс; сервис; баға.
25. Маркетингтің «үш киттері» деп аталатын ұғымдарды таңдаңыз: тұтынушылар; бәсекелестер; тауар; жарнама; өткізу; сұраныс; ұсыныс; сервис; нарық; баға.
26. Мерчандайзинг құралдарын (инструменттерін) атаңыз.
27. Фармациядағы мерчандайзинг стандарттарына анықтама беріңіз.
28. Тауарды орналастырудың жалпы ережелері.
29. Фармациядағы мерчандайзингке анықтама беріңіз.
30. Өндірістік дәріхананың ішкі ортасына сипаттама беріңіз.
31. Дәрілік заттардың жарнамасы және мерчендайзингі.
32. Дайын дәрілік заттар дәріханасында тауарларды орналастыру ережесі.
33. Менеджменттің бақылау функциясы. Бақылау технологиясы

Педагогика

1. Тәрбие әдістері туралы жалпы ұғым.
2. Тәрбие әдістерінің жіктемесі.
3. Тәрбие әдістеріне сипаттама.
4. Тәрбие құралдары туралы ұғым.
5. Тәрбие құралдарының жіктемесі.
6. Тәрбие құралдарының сипаттамасы.
7. Дидактика туралы жалпы ұғым.
8. Дидактиканың зерттеу пәні мен міндеттері.
9. Негізгі дидактикалық концепциялар.
10. Заманауи дидактикалық жүйенің қалыптасуы.
11. Оқыту үдерісі және оның мәні.



12. Оқыту үдерісі тұтас жүйе ретінде.
13. Оқыту үдерісінің циклділігі.
14. Оқытудың функциясы.
15. Оқыту мұғалімнің іс-әрекеті ретінде.
16. Оқу білім алушының танымдық іс-әрекеті ретінде.
17. Дамыта отыра оқыту.
18. Оқыту технологиялары.
19. Оқыту нәтижесін бақылау дидактикалық ұғым ретінде.
20. Бақылаудың әдістері мен формалары.
21. Оқушылардың білімін бағалау.
22. Оқушылардың үлгермеушілігі.
23. Оқыту нәтижесін диагностикалау.
24. Білім алушылардың жетістіктері мен дамуын сынау.
25. Білім беру туралы жалпы ұғым.
26. Білім беру мазмұнының дерек көздері мен факторлары.
27. Мемлекеттік білім беру стандарты.
28. Оқыту әдістері.
29. Оқыту әдістерінің жіктемесі.
30. Оқыту құралдары туралы жалпы ұғым.
31. Оқыту құралдарының жіктемесі, оларға сипаттама.
32. Оқыту үдерісін ұйымдастыру формалары туралы жалпы ұғым және олардың жіктемесі.
33. Оқыту үдерісін ұйымдастыру формалары және олардың дидактикадағы даму жолы.
34. Жоғары оқу орнындағы оқыту үдерісін ұйымдастыру формалары.

Фармациядағы ғылыми зерттеу әдістемесінің негіздері.

1. «Ғылым» түсінігіне анықтама. Ғылым түрлері.
2. «Ғылыми зерттеу» түсінігіне анықтама. Ғылыми зерттеудің құрылымы.
3. Ғылыми материалдарды жеткізу әдістері. Ғылыми ізденіс дағдыларын қалыптастыру.
4. Денсаулық сақтау саласындағы эмпирикалық және теориялық зерттеулер.
5. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулердің этаптары мен ұйымдастыру ерекшеліктері.
6. Эмпирикалық зерттеудің жалпы ғылыми әдістері: бақылау, салыстыру, есеп, өлшеу, эксперимент.



7. Денсаулық сақтау саласында зерттеу әдістерінің арнайы және жеке зерттеу үлгілері.
8. Ғылыми зерттеу бағытын таңдау. Фундаменталды ғылыми зерттеу және оның ерекшеліктері.
9. Ғылыми зерттеу тақырыбын, мақсатын және тапсырмаларын қалыптастыру.
10. Зерттеудің әдісі мен методологиясы.
11. Ұсыныстар мен шешімдерді қалыптастыру және зерттеу сараптамасы.
12. Ғылыми зерттеу тиімділігін бағалау және енгізу.
13. Ғылыми зерттеу жұмысын рәсімдеу және оған қойылатын жалпы талаптар.
14. Ғылыми зерттеу әдістері мен методология бағдарламасы.
15. Ғылыми зерттеудің ресурстық көрсеткіштері. Ғылымның тиімділік көрсеткіштері.
16. Ғылыми ізденіс пен ғылымның маңыздылығы.
17. Ғылыми материалдарды тіркеудегі негізгі ережелер мен нормативтер.
18. Ғылыми зерттеу жұмыстарын рецензиялау.
19. Ғылыми материалдарды шығарылымға баспаға дайындау.
20. Ғылыми гипотеза тұжырымдамасы. Ғылыми гипотезаға қойылатын негізгі талаптар.
21. Ғылыми проблема. Қолданыстағы зерттеудің және белгілі бір тапсырманың тұжырымдамасы.
22. Ғылыми зерттеу бағдарламасы. Зерттеу әдістерінің негізгі компоненттері
23. Курстық жұмыс және оған қойылатын талаптар.
24. Теориялық әдістен эмпирикалық әдістің айырмашылығы.
25. Теориялық әдістің мақсаты мен міндеттері
26. Эмпирикалық әдістің мақсаты мен міндеттері
27. Дипломдық жұмыстың қорытындысына қойылатын талаптар
28. Кейс әдісі және оның сатылары
29. Интернет. Мағынасымен, маңыздылығы.
30. Ғылыми зерттеу жұмысының әдістері. эмпирикалық әдіс және оның маңыздылығы.
31. Ғылыми зерттеу жұмысының жоспары. Зерттеудің міндеті және оның құрлымы
32. Зерттеу жұмысының негізгі сатыларына мінездеме беру
33. Ғылыми жұмыс бойынша негізгі зерттеу деректерін өңдеуді түсіндіріңіз.

Пән бойынша ұсынылатын әдебиеттер

1. Кодекс Республики Казахстан о здоровье народа и системе здравоохранения (с изменениями и дополнениями по состоянию на 21.04.2016 г.).
2. Указ Президента РК от 29 ноября 2010 года № 1113 «Государственная программа



развития здравоохранения Республики Казахстан «СаламаттыҚазақстан» на 2011 – 2015 годы».

3. Государственная программа развития здравоохранения Республики Казахстан

«Денсаулық» на 2016-2020 годы

4. О некоторых вопросах Министерства здравоохранения и социального развития Республики Казахстан. Постановление Правительства Республики Казахстан от 23 сентября 2014 года

5. Приказ Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 29 мая 2015 года № 421 «Об утверждении Правил проведения фармаконадзора лекарственных средств и мониторинга побочных действий лекарственных средств, изделий медицинского назначения и медицинской техники»

6. Правила надлежащей практики фармаконадзора. A GOOD PHARMACOVIGILANCE PRACTICE (GVP); 2014

7. Приказ Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 22 мая 2015 года №369 «Об утверждении Правил разработки и утверждения Казахстанского национального лекарственного формуляра».

8. Трудовой кодекс Республики Казахстан 2016 (от 23 ноября 2015 года № 414-V). Введен в действие 1 января 2016 года

9. Лекарственные средства и их рациональное использование. - ВОЗ. Центр СМИ. Информационный бюллетень №338. - Май 2010 г.

10. Приказ Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 29 мая 2015 года №415 «Об утверждении Правил проведения доклинических исследований, требования к доклиническим базам».

11. Приказ Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 29 мая 2015 года №412 «Об утверждении Правил проведения аккредитации испытательных лабораторий, осуществляющих монопольную деятельность по экспертизе и оценке безопасности и качества лекарственных средств, изделий медицинского назначения».

Қосымша:

1.Багирова В.Л. Управление и экономика фармации. – Москва: Медицина, 2010.

2.Совместный приказ Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 29 июня 2015 года №538 и и.о. Министра национальной экономики Республики Казахстан от 30 июня 2015 года №490 «Об утверждении критериев оценки степени риска и форм проверочных листов в сферах оказания медицинских услуг, обращения лекарственных средств, изделий медицинского назначения и медицинской техники».

3.Педагогика / Под ред. П.И.Пидкасистого – М., 2010, 325 с.

5.100 замещающих ответов по педагогике – Ростов н/Д, 2010, 84с.

Редакция 1	Докторантураға түсуге арналған қабылдау емтихандарының бағдарламалары	15 беттің 10 беті
------------	---	-------------------



- 5.Коджаспирова Г.М. Педагогика М., 2014;
- 6.Сластенин В. и др. Педагогика - М., 2014.
- 7.Подласый П.И. Педагогика. Кн.1 –М.,2010,С. 511с.
- 8.Пуйман С.А. Педагогика. Основные положения курса.- Минск, 2009, 68с.
- 9.Лихачев Б. Педагогика. Курс лекций: Учебное пособие для студентов пед. учебн. заведений и слушателей ИПК и ФПК. - М.,2009
- 10.Антонов А.И., Борисов А.Л. Кризис семьи и пути его преодоления. – М., 2010
- 11.Мантейчик З. Родители и дети – М.,1992
- 12.Сухомлинский В.А. Родительская педагогика. М.- 1977



Докторантураға түсу кезіндегі диссертациялық зерттеуді жоспарлау
Аннотациясы

Үміткердің толық аты-жөні
6D_____ мамандығы бойынша мамандықтың атауы

Тақырыптың атауы:

Ғылыми кеңесшілер:
Ғылыми дәрежесі, лауазымы, аты-жөні, қолы

Шетелдік ғылыми кеңесшілер:
Ғылыми дәрежесі, аты-жөні

Алматы, 20__ ж.

Редакция 1	Докторантураға түсуге арналған қабылдау емтихандарының бағдарламалары	15 беттің 12 беті
------------	--	-------------------



Тақырыптың өзектілігі
Зерттеудің мақсаты мен міндеттері
Зерттеу әдіснамасы (зерттеу дизайны, зерттеу әдістері, зерттеу объектілері)
Ғылыми жаңалығы
Теориялық және практикалық маңыздылығы
Күтілетін нәтижелер
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі



Аннотацияны бағалау ережелері:

Аннотацияны бағалау үшін ең жоғарғы балл - 100.

Аннотацияның әрбір бөлімі баллдық жүйе бойынша жеке бағаланады, ең жоғарғы балл - 20.

Тексеру парағы
ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ АННОТАЦИЯСЫНЫҢ БАҒАЛАУЫ

(Үміткердің аты-жөні)

Зерттеу тақырыбы _____

Докторантураның таңдалған мамандығының атауы _____

бД _____

Аннотация бөлімі	Балл саны
1 бөлім. Таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігі	
2 бөлім. Зерттеудің мақсаты, міндеттері	
3 бөлім. Зерттеудің дизайнын бағалау	
4 бөлім. Зерттеудің күтілетін нәтижелерінің ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы	
5 бөлім. Ғылыми нәтижелерге қол жеткізу	
Балл сомасы	

Комиссия мүшесінің айрықша пікірі (болған жағдайда):



Комиссия мүшесі
Аты-жөні _____

Қолы _____

Күні _____